

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗДЕГІ ДІН МӘСЕЛЕСІ
(«Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» газеттерінің негізінде)

Шуныкова Тумар Қайратовна

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың журналистика және саясаттану
факультетінің 3-курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Ш. Әшірбекова

Қазіргі кезде мұсылмандар ғылыммен айналысудан алыс, ғылым мен технологияда артта қалып бара жатыр. Әлемнің дамыған елдерінің тізімінде де жоқ. Батыс ғылымды мұсылмандардан үйренді деп мақтанып жүре беріп, көп нәрседен құр алақан қалдық.

Қарт тарихқа көз салсақ, ғылымның қалыптасуына араб, парсы мен түркі ойшылдары өлшеусіз үлес қосты. Атап айтсақ, Әл-Хорезми (770-850) алгебра мен логаритм ғылымын дүниеге алып келді. Әл-Фараби (870-940) философия, логика, музыка секілді салалардың жаңа биігін қалады. Әл-Бируни (973-1048/50) тарих, математика, астрономия, жағрафия, топография, физика, медицина, геология, минерология, т.б. ғылыми салаларда энциклопедист ғалым ретінде адамзат ғылымына үлкен із қалдырды. Ибн Сина есімі (980-1037) кейінгі ұрпаққа терең ойлы философ, медицина ғылымының данышпаны ретінде қалды. XII- XVII ғасырларда Шығыс пен батыстың көптеген елдерінің дәрігерлері «Қанун» бойынша өз ғылымының негіздерін зерттеді. Тарихта 750-1050 жылдар аралығындағы кезең Ислам өркениетінің «ренессанс – қайта өрлеу» дәуірі делініп, алтын әріппен жазылып, сақталды.

Сондай-ақ ислам өркениетінің ұлы жетістікері араб, парсы және бүгінгі түріктестес халықтардың ортақ рухани қазынасы болып саналады. Түркі әлемінің рухани ұстазы Қожа Ахмет Яссауи, ортағасырлық түркі мәдениетінің энциклопедиясын жасаған Жүсіп Баласағұни (1017/1021-1075), түркі тайпалары мекендеген кеңістікті аралап шыққан Мақмұт Қашқари (1029-1038), орта ғасырлардағы қазақ даласынан шыққан ойшылдардың ең атақтысы, «Шығыстың Аристотелі» Әбу Насыр әл-Фараби (870-950), Әлішер Науаи (1441-1530), Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр (1483-1530) тұстарында исламға негізделген әдебиет пен көптеген ғылым салалары қарқынды түрде дамыды.

Түркі халықтарының исламдық дүние танымы тереңде жатыр. Мұны ғұлама Әзірет Сұлтан атанған Қожа Ахмет Яссауи бабамызбен байланыстырамыз. Көшпенді жұртқа Ислам дінін икемдеп, түркі халықтарының ислам дүниесін жасаған Қожа Ахмет Яссауи арғы тегі пайғамбарымызбен сабақтасатыны да ескере кететін жайт. «Шажараи-Саодат» атты кітапшада Қожа Ахмет Яссауидің әкесі Ибраһимның арғы бабалары Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) інісі әрі күйеу баласы Әзіреті Әли-дің (р.а.) Мұхаммед Ханафия атты ұлынан тарайтыны айтылады. Бұл аталған шежіре 90-жылдардың бас кезінде Сайрам қаласындағы ескі, бұзылған үйдің қабырға жапсарынан табылған екен.[2,24]

Қай халық болмасын бірінен бірі ғылым арқылы оза шабады. Алаш зиялыларының дін мен ғылымды ұштастырып әкеткен көрегенді саясатынан елдің сауатына аса маңыз бергенін көреміз. Қайраткерлердің елді өнер-ғылым үйренуге шақырған насихаты толассыз. Қазіргі кезде қоғамда діни сауатының төмендігінің әсерінен түрлі алауыздықтар туындап, ішкі тұтастығымыздың бұзылуына әсер беріп жатқан жағдайлар бар. Ғылымға қарсылық танытатын мұсылмандарды да көреміз. «Түркістан уалаятында» шыққан «Мұсылмандардың өнер үйренуден жиренген тақырыпты біраз сөз қылайық» деп басталатын мақалада, өнер білгенмен мұсылман діннен шықпайды деп, сол кезде де ғылымға қарсы, дін оқуымен шектелу көзқарастарының бары көрінеді.

Оны М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан да көреміз. Абайға Кішкене молда ғылымды мұсылман ғұламалардан оқыңыз дейді. Оған Абай ғылымды бір-ақ

жолдан, бір-ақ тар асудан ізде, алысқа ұмтылма деп етектен тартып отырғанын айтады. Сонда Ербол: «Біздің молданың орыс кітабы мен өнеріне істеп отырған зорлығы [3,122] дәл Майбасардың Құлыншақ балаларына істеймін деген зорлығы секілді» деп мысқыл етеді. Бұл дүмше молдалардың «Ғылым мәжуси, насрани, яхудиден алына ма» дейтін керітартпа уағызына зиялы тұлғалардың қарсылығы еді.

Ал «Дала уалаятындағы» «Қазақтар өздерінің балаларын қалайша оқытатұғындарының баяны» деген мақалада: «Балаларын оқытамын деген талапкер бай шала хат танитын бір балалау молданы ұстайды. Бұған жылына екі-үш қой ақы береді»[1,25]деп молданың сауатының төмендігін сынға алады. 1911 жылы Тройцкіден шығып тұрған «Айқап» журналында А.Жүсіпұғылының «Оқыту хақында Шарифат не айтады?» мақаласы - басқа халықтан төмен болуды шарифаттан көрмей, шарифаттың ынтымақта болып, әрбір істе бірлікке үндейтінін айта келіп: «Ең әуелі балаларға жақсы етіп өз дінін танытарға керек. Сонан соң орысша оқуға беруден қашпасқа керек. Ғылым хақында қызықтырып пайғамбарымыз да көп сөздер сөйлеп кеткен» [1,79] дейді.

Алаш көсемі Ә.Бөкейхан Қасиетті Рамазанда ғылымға сусаған халықтың пақыр, мұқтаждарға жататынын түсіндіріп, зекет, пігір-уәжіп садақаларын білім-өнерден құралақан қазақтың оқу мұқтаждығына беру керектігін айтады. Сонымен қатар «Жас Түркістан» газетінде босқын түріктердің өз балаларына ана тілін үйретіп, ұлттығы мен дінін ұмыттырмау үшін Жапония орталығында мектеп ашқаны, өзара жылу жинап, сонау Түркиядан араб қаріптерін алдырып, Токио қаласында баспа ашуы білімге деген үлкен ықылас емес пе?!

1862 жылдан бастап ресми түрде қазақ халқын шоқындыру, сол арқылы біртіндеп орыстандыру саясатын ашық жүргізілді. Дала қазақтары үшін патша үкіметі тарапынан ғасырлар бойы қолданылып келген араб әліпбиін оқытуға тыйым салу, балаларды тек орыс әріптерімен оқып-жазуға үйрету, қазақтардың өз тілінде жазған өтініштерін әкімшілік буындарының ешбірі қабылдамауы, мешіттерді жабу, шоқындыру, т.б реформалар жасалынып жатты. Деректерге сүйенсек, Батыс Қазақстан облысында 1930 жылы – 45 мешіт болса, 1960 жылғы жалғыз мешіт қалып, «айт намазына» 100-150 адам, жұма намазына 15-20 адам баратыны анықталған. 1938 жылы Петропавл қаласындағы барлық мешіттер жабылып қалған. Құлшылық ордаларының ғимараттары басқа мақсатқа пайдалынып, кейбірі түгелімен жойылып кеткен. Мәселен №6 мешіт алғашында пионерлер клубына берілсе, кейіннен жастар спорт мектебіне айналдырылған. №2 және №4 мешіттер өндірістік қойма ретінде пайдаланылған. Ал, №3 мешіт пен жанындағы мұсылмандар зираты орнына Облыстық партия комитеті салынған. №1 мешіттің қазіргі орнында нан комбинаты орналасқан.

1914 жылы маусымда Ресей Мемлекеттік Думасы Мұсылман фракциясының ұйымдастыруымен өткен Бүкілресейлік мұсылман съезінде мұсылман халықтарының рухани істерін ретке келтіру мәселесі талқыға түсті. Съезде қазақтар арасындағы рухани істер жөнінде баяндама жа-саған Б.Қаратаев: «Қазақтар бұрын Орынбор мүфтилігіне қарайтын, өткен ғасырдың 60-шы жылдары үкімет орындары оларды Орынбор мүфтилігінен шығарып тастағанда, қазақтар енді православиеге өтеді деп үміттенді. Сондықтан әр болысқа бір мешіттен артық мешіт салуға рұқсат бермеді. Алайда, қазақтар бір мешіттің орнына ондаған мешіттер салып, жасырын әрекет етті» [2,109] деп, орыс үкіметінен қазақтардың мүфтилік мәселесін шешуді сұрайды. Сонымен қаса молда, ахун, ишандарды қуғындау үрдісі жүріп Көкшетау мешітінің дінбасы Наурызбай Таласов - Сібір өлкесіндегі Енисей губерниясына, сол кезде медресе мұғалімі болған Шәймерден Қосшығұлұлы - Якут облысына айдалды. 1905 жылдың маусымында Қоянды жәрмеңкесіне келген қалың халық Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсыновтың басшылығымен жазылған Қарқаралы петициясында қол қойған еді. Онда үкіметтің қазаққа дін істерінде жасап отырған қиянаты, Көкшетау д іни қызметшілері Науан хазірет пен медресе мұғалімі Шәймерден Қосшығұловтың айдалып кеткені атап айтылды. Ар-ождан еркіндігі, діни істерге кедергі келтірмеу, ұлттық

мектеп-медреселер ашуға шектеу қоймау мәселелері петицияда үкіметке қойылған талаптардың негізгілері болды.

1917 жылға қарай Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдолхамит Жүндібаев, Ғазымбек Бірімжановтар бірігіп «Алаш» партиясының бағдарламасын жасайды. Бағдарлама: Мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін ісі, билік һәм сот, ел қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым-білім үйрету, жер мәселесі деген он бөлімнен тұрды. Ол туралы 1917 жылдың 21-қарашасында «Қазақ» газетінде жарияланған болатын. Бағдарламадағы «Дін ісі» атты төртінші тармақта мемлекеттің зайырлық негізін бекітудің қажеттіліктері, ар-ождан бостандығы, әркім діни сенімі бойынша тең және еркін болып, діни ұстанымы жөнінен астамшылық немесе кемсітушілікке жол берілмейтіні көрсетілген. Сондай-ақ, қалың мал беруді тоқтатып, молдаларға 16 жасқа толмаған қыздар мен 18 жасқа толмаған ер балалардың некесін қиюына тыйым салынды.[2,118]

Қорытындылай келе, қарамағындағы халықтың діни сеніміне тұсау салып, қаншама жылдар бойы «Құдай жоқ» дегенді санаға сіңіруге тырысқан Кеңестік жүйенің солақай саясатына ұлт ардақтылары елді отарлық езгіден құтқарудың жолын іздеп, дінін, мәдениетін, ұлтын қорғауға аянбай бар күш-жігерін салды. Қандай бейнет көрсе де, қажырлы қайрат танытып, көштен кенже қалмай, дамыған, ғылыми белсенді, озық мемлекет болуға ұмтылды. Халықты ғылымға шақырып, ғылымның қадір-қасиетін түсіндіру үшін тоқтамай насихат жүргізді. Ендеше, ғылым мен дін қосылғанда ғана руханияттың дұрыс болатынын бағамдай білейік!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ. Сақ. Алашкөсемсөзі: дін мәселесі. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. -394 б.
2. С. Ораз.Ұлы дала төсіндегі Ислам. -2018.
3. М. Әуезов. Абай жолы : роман-эпопея - Алматы : Жазушы, 2021

ӘОЖ 070.1

МОБИЛЬДІ ЖАҢАЛЫҚТАР ҚОСЫМШАЛАРЫН ЖІКТЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Ысқақова Ақниет Берденқызы

Aqn1et.ysq@gmail.com

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ филология факультеті,

Журналистика бөлімінің

2 курс магистранты , Қарағанды, Қазақстан

Ғылыми жетекші – К.Д. Асанов

Google Play дүкенінде шамамен 2,87 миллион қолданба, ал AppStore дүкенінде 1,96 миллион қолданба жүктелген. Нарықта адамдар күн сайын қолданатын көптеген қызметтер бар. Бұл қандай жобалар? Олар қандай мақсаттарға арналған және олар қалай ерекшеленеді? Бұл мақалада мобильді қосымшалардың қандай түрлері бар екенін талдаймыз.

Жаңалықтар қосымшаларын жіктеу үшін біз нақты критерийді негізге алдық. Осы мазмұнды іске асырудың негізгі маңызды сәттері мен технологиялық ерекшеліктерін зерттей отырып, біз ресми жаңалықтар қосымшаларының бес түрі бар: ағындық, электрондық ақпараттық портал қосымшалары, медиа холдингтер мен баспа БАҚ қосымшалары, агрегаторлар және UGC қосымшалары. Ағындық қолданбалар аудио және бейне мазмұнымен сипатталады. Сонымен қатар, мұндай мазмұн көбінесе тегін беріледі.